

"2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 510 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі хаттаманы бекіту туралы

2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі
Хаттама

Бұдан былай Тараптар деп аталатын, осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттер, терроризмнің адам өміріне төндіретін қауіптілігін сезіне отырып, терроризмге қарсы күреске қатысты халықаралық құжаттарды назарға ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге үлкен мән бере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1. Осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже, бұдан әрі Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Осы Хаттама Тараптардың қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерін орындағаны туралы депозитарий үшінші хабарлама алған күні күшіне енеді. Ол осындай рәсімдерді кешірек орындаған мемлекеттер үшін депозитариймен тиісті хабарламаларды алған күні күшіне енеді.

3. Ережеге жеке хаттамамен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол осы Хаттаманың 2-тармағында көзделген тәртіпте күшіне енеді.

4. Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылушы мемлекет үшін ол депозитариймен тиісті хабарлама алған күннен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

5. Осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданыста болады. Осы мерзім өткен соң, егер Тараптар өзге шешім қабылдаса, осы Хаттаманың қолданысы әр кезде бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылып отырады.

6. Тараптардың әрқайсысы шығуынан кемінде алты ай бұрын депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Хаттамадан шыға алады. Осы Хаттамадан шығу мемлекетті осы Хаттаманың Тарабы болған кезде алған қаржы міндеттерінен босатпайды.

Кишинев қаласында 2002 жылғы 7 қазанда орыс тіліндегі жалғыз түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін болады.

Әзербайжан Республикасы үшін Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін Түрікменстан үшін

Грузия Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін Украина үшін

Ескертпе: Ресей Федерациясының Ескертпесін қараңыз

Тәуелсіз	Мемлекеттер	Достастығына
қатысушы	мемлекеттердің	аумақтарында
терроризмге	қарсы	бірлескен
іс-шараларды	ұйымдастыру	және өткізу
тәртібі	туралы ережені	бекіту туралы

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды
ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы
Ереже**

Осы Ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің (бұдан әрі - Тараптар) аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру негіздерін және өткізу тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережеде қолданылатын түсініктердің мынадай мағыналары бар:
терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар - Тараптардың құзыретті органдарының сұрау салатын Тараптардың аумақтарында терроризмге қарсы арнайы құрылымдары арқылы келісілген біртұтас түпкі ой мен жоспар бойынша өткізетін іс-шаралары;

терроризмге қарсы арнайы құрылымдар - Тараптардың терроризмге қарсы күрес үшін өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жасақтаған мамандар тобы;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараға қатысушылар - терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың жеке құрамы, терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезіндегі басқару органдарының қызметкерлері және осы іс-шараларға қатысушы басқа да адамдар;

сұрау салатын Тарап - өз аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін терроризмге қарсы арнайы құрылымдарды жіберу туралы сұрау салатын Тарап (бұдан әрі - көмек көрсету туралы сұрау салу);

сұрау салынатын Тарап - сұрау салатын Тараптың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін терроризмге қарсы арнайы құрылымдарды жіберу туралы сұрау салуымен өтініш жасайтын Тарабы;

құзыретті орган - Тараптың терроризмге қарсы күресті ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге жауапты о р г а н ы ;

арнайы құралдар және қамтамасыз ету материалдары - Терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың материалдары, техникалық және көлік құралдары, қару-жарағы мен оқ-дәрісін, арнайы құралдары мен құрал-саймандарын қоса алғандағы жабдығы;

Орталық - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Терроризмге қарсы орталығы.

1.2. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың құқықтық негізін халықаралық

құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормалары, Тараптардың халықаралық міндеттемелері мен ұлттық заңнамасы, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

1.3. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар террористік іс-әрекеттің жолын кесу, с о н ы ң і ш і н д е :

террористер басып алған аманаттағы адамдарды босату;
қуаттылығы үлкен жарылғыш құрылғыларды немесе құрылысы күрделі өзге де жойғыш құрылғыларды залалсыздандыру;

террористер басып алған жоғары технологиялық және экологиялық қауіпті объектілерді, атом өнеркәсібі, көлік, энергетика, химия өндірісі объектілерін және өзге де объектілерді (дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттары мен тұрғын-жайлары және т . б .) б о с а т у ;

террористерді тұтқындау, террористік топтар мен құрылымдарды жою мақсатында ө т к і з і л е д і .

1.4. Сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымына қатысушылар терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды дайындау және өткізу кезеңінде халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормаларын және сұрау салушы Тараптың ұлттық заңнамасын сақтауы тиіс.

1.5. Осы Ережені түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультация мен келіссөздер арқылы шешіледі.

2. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі

2.1. Тараптар өздерінің заңнамасына сәйкес терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге жауапты құзыретті органдарды анықтайды, бұл жөнінде осы Ережені бекіткен Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламамен бір мезгілде, сондай-ақ құзыретті органның атауының өзгергені туралы да депозитарийге хабарлайды.

Тараптардың құзыретті органдары терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге арналған терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың құрамы туралы О р т а л ы қ қ а х а б а р л а й д ы .

2.2. Терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың жеке құрамы өздерінің ұлттық оқу базасындағы және басқа да Тараптардың оқу орталықтарындағыдай келісім-шарт негізінде Тараптардың құзыретті органдары Орталықтың қатысуымен әзірлеген бағдарламалар бойынша қосымша дайындықтан өтеді.

Тараптардың терроризмге қарсы арнайы құрылымдарының бірлескен дайындығы Орталық ұйымдастыратын командалық-штаб және жедел тактикалық жаттығуларды өткізу барысында жүзеге асырылады. Тараптар өзара уағдаластық негізінде терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың бірлескен оқу-жаттығуларын және өз құзыретті органдарының бөлімшелерінде басқа Тарап өкілдерін тәжірибеден өткізе

а л а д ы .

2.3. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізу туралы шешімді сұрау салатын Тарап сұрау салынатын Тараптың келісуі бойынша қабылдайды.

Егер терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды дайындау немесе өткізу кезінде бұған қатыспайтын Тараптың мүдделері қозғалатын болса, онда оның өтініші бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшыларының кеңесі осы іс-шаралар бойынша шешім қабылдайды.

2.4. 2.3.-тармақта көрсетілген шешімнің негізінде сұрау салатын Тараптың құзыретті органы сұрау салынатын Тараптың құзыретті органына көмектесу туралы сұрау салады және бұл жөнінде Орталыққа хабарлайды.

Сұрау салу жазбаша нысанда, соның ішінде мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып, жіберіледі.

Сұрау салатын Тараптың құзыретті органының басшысы немесе оны орнындағы адам сұрау салуға қол қояды және ол осы органның елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

Сұрау салудың түпнұсқа екендігіне немесе мазмұнына күдік туған кезде сұрау салынатын Тарап қосымша растау сұрай алады.

2.5. Жіберілетін сұрау салуда мыналар болуы тиіс:
сұрау салатын Тараптың құзыретті органы мен сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының атаулары;
істің, мақсат мәнінің баяндалуы және сұрау салудың негіздемесі;
сұралатын көмектің сипатталуы;

сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымын терроризмге қарсы бірлескен іс-шара өткізілетін жерге жеткізудің және оны келген еліне кері қайтарудың тәсілдері мен шарттары туралы ақпарат, соның ішінде сұрау салатын Тараптың мемлекеттік шекарасынан өтудің орны, уақыты және тәртібі туралы мәліметтер;

сұрау салуды тиісті орындау үшін пайдалы болуы мүмкін өзге де ақпарат.

2.6. Сұрау салатын Тарап терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың жеке құрамын, арнайы құралдары мен қамтамасыз ету материалдарын терроризмге қарсы бірлескен іс-шара өткізілетін жерге жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Орналастыру, тамақпен, көлікпен, медициналық қызметпен қамтамасыз ету, байланысты, соның ішінде арнайы байланысты да пайдалану сұрау салатын Тараптың есебінен жүзеге асырылады.

2.7. Терроризмге қарсы арнайы құрылымның немесе оның жекелеген қатысушыларының сұрау салатын Тараптың аумағында орын ауыстыруы арнайы рұқсат негізінде және сұрау салатын Тараптың құзыретті органы басшысының бақылауымен жүзеге асырылады.

Терроризмге қарсы арнайы құрылымның немесе оның жекелеген

қатысушыларының сұрау салатын Тараптың аумағында орын ауыстыруы сұрау салатын Тараптың құзыретті органының ресми өкілінің бақылауымен жүзеге асырылады.

2.8. Тараптар терроризмге қарсы бірлескен іс-шара өткізудің тиімділігі мен жеделдігін арттыру мақсатында терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың мемлекеттік шекарадан өтуі кезінде ұлттық заңнамамен белгіленген рәсімдердің жедел орындалуын қамтамасыз етеді.

2.9. Терроризмге қарсы арнайы құрылымның басшысы мемлекеттік шекарадағы рұқсатнама бекетінде сұрау салынатын Тараптың құзыретті органдары куәландырған жеке құрамның атаулы тізімін және арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарының тізбесін, ал құрылымның барлық қатысушылары жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсетеді.

2.10. Тараптар сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымының терроризмге қарсы бірлескен іс-шара өткізілетін жерге жеткізілетін және кері қайтарылатын арнайы құралдары мен қамтамасыз ету материалдарын кедендік және өзге де алымдар мен төлемдерден босатады.

3. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар өткізудің тәртібі

3.1. Сұрау салатын Тарап терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде терроризмге қарсы арнайы құрылымдарды тікелей басқару үшін басқару органын құрады.

Басқару органының басшысын сұрау салатын Тарап тағайындайды.

Басқару органының құрылымын, оның бөлімшелерінің міндеттері мен функцияларын басқару органының басшысы терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізудің мақсатына қарай анықтайды. Басқару органында іс орыс тілінде жүргізіледі.

Басқару органы басшылығының құрамына терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысатын терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың басшылары, Тараптар мен Орталықтың құзыретті органдарының өкілдері енеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекет басшылары кеңесінің шешімі бойынша, ал қажет жағдайда ТМД мүдделі қатысушы мемлекеттер басшыларының шешімі бойынша терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге басшылық жасау Орталыққа тапсырылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда басқару органын Орталықтың Басшысы құрады.

3.2. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізуге тартылатын адамдар басқару органының басшысына бағынады.

3.3. Басқару органының басшысы:

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны дайындауға және өткізуге басшылық ж а с а й д ы ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізу үшін тартылатын күш пен құралдарды пайдалану, олардың арнайы құралдарды және қамтамасыз ету материалдарын қолдануы туралы шешімдер қабылдайды;

басқару органының лауазымды адамдарын тағайындайды;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізудің жоспарын бекітеді;

адамдардың террористермен келіссөздер жүргізуіне рұқсат беруді жүзеге асырады;

сұрау салатын Тараптың мемлекеттік билік органдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларына терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізудің барысы мен нәтижелері туралы және террористік әрекет зардаптарының ауқымы т у р а л ы х а б а р л а й д ы ;

сұрау салатын Тарапқа терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны аяқтау туралы ұсыныс енгізеді және оны өткізудің нәтижелері туралы Тараптардың құзыретті органдарына е с е п б е р у д і ұ с ы н а д ы .

3.4. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге басшылық жасауға араласуға тек қана сұрау салатын мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жол б е р і л е д і .

3.5. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу барысында басқару органының негізгі міндеттері:

жағдай туралы мәліметтер жинау, ақпаратты бағалау, қорыту және талдау, оны терроризмге қарсы арнайы құрылымдарға және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараға тартылатын басқа бөлімшелерге жеткізу, басқару органы басшысының шешім қабылдауы ү ш і н ұ с ы н ы с т а р д а й ы н д а у ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізудің жоспарын әзірлеу; тартылатын күштері, арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын дайындау және қолдануды ұйымдастыру, болуы ықтимал келеңсіз зардаптардың алдын а л у ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а у ;

келіссөздер жүргізу және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізудің объектісі болып табылатын адамдармен келіссөздер жүргізуді ұйымдастыру тактикасын т ұ ж ы р ы м д а у (қажет кезде);

мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл ж а с а у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

жедел іздестіру іс-шараларын және тергеу іс-қимылдарын өткізуді қамтамасыз ету;

өткізілген іс-шаралардың нәтижелерін қорытындылау болып табылады.

3.6. Басқару органының басшысы терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізу, соның ішінде күштерді, арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын қолдану тәртібі туралы шешімді сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымы басшысының келісуі бойынша қабылдайды. Шешім басқару органы

басшысының жазбаша бұйрығымен ресімделеді.

Егер сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымы басшысының пікірі назарға алынбайтын болса, онда ол сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының келісуі бойынша өзі басқаратын бөлімшенің іс-шарасына қатысудан бас тартуға құқықты.

Сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымының терроризмге қарсы бірлескен іс-шараға қатысудан бас тартуы туралы шешімі құрылым басшысы басқару органының басшысына жазбаша ұсынады.

3.7. Достастықтың сұрау салатын Тараппен шекараласатын мемлекетінің қауіпсіздігіне қатер туған жағдайда басқару органы осы мемлекеттің құзыретті органдарына қатердің сипаты мен ауқымы туралы хабарлайды, сондай-ақ оны оқшаулау жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды.

3.8. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде террористік әрекеттер туралы жұртшылыққа хабарлау басқару органының басшысы немесе оның жұртшылықпен байланыс ұстауға жауапты өкілі сұрау салатын Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес анықтайтын нысандар мен көлемде жүзеге асырылады.

3.9. Терроризм мен экстремизмді насихаттауға және ақтауға бағытталған, сондай-ақ :

терроризмге қарсы арнайы құрылымға қатысушылар, басқару органының лауазымды адамдары және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге көмек беретін адамдар туралы ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізудің арнайы техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізу кезінде пайдаланылатын күштердің, арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарының сипаты туралы;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараны өткізуді қиындатуға және адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге бейім ақпаратты таратуға жол берілмейді.

4. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды аяқтаудың және даулы мәселелерді реттеудің тәртібі

4.1. Сұрау салатын Тарап терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды аяқтау және басқару органын тарату туралы шешімді сұрау салынатын Тараптың, сондай-ақ терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге басшылық жасау Орталыққа тапсырылған жағдайларда Орталықтың келісуі бойынша қабылдайды.

Сұрау салатын Тарап ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесіне терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың аяқталғаны туралы хабарлайды.

Басқару органының басшысы терроризмге қарсы бірлескен іс-шараның аяқталғаны және басқару органының таратылғаны туралы бұйрық шығарады.

Терроризмге қарсы арнайы құрылымдарды сұрау салатын Тараптың аумағынан шығарудың жоспары мен мерзімін сұрау салатын Тараптың құзыретті органы сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының келісуі бойынша анықтап, бекітеді.

4.2. Сұрау салатын Тарап сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымдарының жеке құрамын, арнайы құралдары мен қамтамасыз ету материалдарын жөнелтуді қамтамасыз етеді.

Сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымы пайдаланылмаған арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын терроризмге қарсы бірлескен іс-шара аяқталған бойда сұрау салатын Тараптың аумағынан алып к е т у і т и і с .

Егер айрықша мән-жайларға байланысты арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын алып кету мүмкін болмаса, онда оны сұрау салынатын Тарап сұрау салатын Тарапқа өзара уағдаластық негізінде бере алады.

4.3. Сұрау салатын Тарап терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге қатысатын сұрау салынатын Тарапқа, соның ішінде сұрау салатын Тараптың аумағында болған жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды (бұдан әрі - зиян), егер ол басқару органы қойған міндеттерді орындау кезінде келтірілсе, өтеуге қатысты қандай да болсын талап қоюдан бас тартады.

Егер сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараға қатысушылары басқару органы қойған міндеттерді сұрау салатын Тараптың аумағында орындау кезінде зиян келтірсе, онда оны сұрау салатын Тарап өзінің терроризмге қарсы арнайы құрылымдарына қатысушылары осыған ұқсас мән-жайлар кезінде зиян келтіргенде қолданылуға тиіс ұлттық заңнамасына сәйкес өтейді.

4.4. Сұрау салатын Тарап жасаған шығыстарды, әкелінген арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарының жоғалуына, толықтай немесе жартылай жойылуына байланысты шығыстарды қоса алғанда, өтеу тәртібі мүдделі Тараптар арасындағы к е л і с у б о й ы н ш а б е л г і л е н е д і .

4.5. Егер Тараптардың бірі терроризмге қарсы арнайы құрылымдардың іс-қимылдары арқылы келтірілген зиянды басқару органы қойған міндеттерге барабар емес деп санаған жағдайда, онда туындаған пікір алшақтықтарын мүдделі Тараптар консультация және келіссөз жолымен шешеді.

4.6. Сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы құрылымдарына қатысушылардың сұрау салатын Тараптың аумағында осы Ереженің 4.3-тармағында көзделмеген жағдайларда келтірген зияны мүдделі Тараптардың арасындағы уағдаластық бойынша өтеледі.

5. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың құқықтық мәртебесі

5.1. Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде сұрау салатын Тарап терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар мен олардың отбасы мүшелеріне жаралануға, мертiгуге немесе қаза табуға байланысты шығыстарды сұрау салатын Тараптың заңнамасында көзделген тәртіп пен көлемде өтейді. Бұл ретте сұрау салынатын Тараптың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылары мен олардың отбасы мүшелері үшін оның заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер және өтемақылар толық көлемде сақталады.

Осы тәртіп осындай зиян терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар сұрау салатын Тараптың аумағында болған кезеңде келтірілген жағдайда қолданылады.

5.2. Тараптардың әрқайсысы терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың құқықтық жағдайын құрметтейді және халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларына сәйкес олардың азаматтық құқықтары мен еркіндіктерін толықтай қамтамасыз етеді.

5.3. Сұрау салатын Тараптың аумағында терроризмге қарсы құрылымдардың уақытша болуына байланысты юрисдикция мәселелерінде Тараптар мына қағидаттарды басшылыққа алады:

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараға қатысушы құқық бұзған кезде оған сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктеледі;

Тараптардың әрқайсысы өздерінің терроризмге қарсы арнайы құрылымдарының құрамына кіретін және басқа Тараптарға немесе Тарапқа қарсы қылмыстар жасады деп күдік тудыратын (айыпталатын) терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың ізіне түсуді ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асыруға міндеттенеді;

істі жүргізу іс-қимылдар жұмысы кезінде, сондай-ақ құқықтық көмек беру кезінде Тараптар ұлттық заңнамасын және өздеріне алған халықаралық міндеттемелерді басшылыққа алады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы Хаттамаға

Әзербайжан Республикасының айрықша пікірі

Әзербайжан Республикасы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Ережені іске асыруға аумағында осы іс-шаралар өткізілетін мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салуларын ақпараттық талдау және консультативтік қамтамасыз ету шеңберінде және Әзербайжан Республикасының ұлттық заңнамасына қатаң сәйкестікпен ғана қатыса алады.

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарында
терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі
жөніндегі ережені бекіту туралы Хаттаманың жобасына**

Грузия ескертпесі

Грузия мына ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, жобаны тұтастай
қ о л д а й д ы :

- 4.1-тармақтың бірінші абзацындағы "...келісім бойынша..." сөзі "...жазбаша
хабарландыру..." сөздерімен алмастырылсын және абзац осымен аяқталсын;

- 5.3-тармақтың екінші абзацындағы "...сұрау салынатын..." сөздерінің орнына "...
сұрау салатын..." сөздері қойылсын.

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарында
терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі
жөніндегі ережені бекіту туралы Хаттамаға Ресей Федерациясының
Ескертпелері**

Осы Хаттамамен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы
мемлекеттер аумақтарында терроризмге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу
тәртібі жөніндегі ережені қолданған кезде Ресей Федерациясы мыналарды негізге
а л а д ы :

1. Ресей Тарабы арнайы терроризмге қарсы құрылымдарының құрамына кіретін
әскери қызметшілерге және өзге де тұлғаларға қатысты және Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен
іс-шараларды өткізуге қатысушыларға аталған іс-шаралар аумақтарында өткен
Тараптардың заңнамасы қолданылмайды. Қандай жағдайда да олар Ресей
Республикасының юрисдикциясында болады.

2. Ресей Тарабының арнайы терроризмге қарсы құрылымдарының арнайы
құралдары мен қамтамасыз ету материалдары Ресей Федерациясының меншігі болып
табылады және ұсталуға жатпайды және (немесе) қандай түрде де сұрау салатын Тарап
и е л і г і н е ш ы ғ а р ы л м а й д ы .

3. Сұрау салатын Тарап Ресей Тарабына терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар
өткізуді сұрай отырып, Хаттаманың құрамдас бөлігі, өзі үшін міндетті болып
табылатын осы ескертпе қабыл алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК